 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	1 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ


Білім беру бағдарламасы тобы үшін:

BM087 – «Стоматология» қысқартылған оқу мерзімімен үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру, 2026–2027 оқу жылына

Оқу мерзімі: 4 жыл;


Оқу нысаны: күндізгі.

Астана 2026 ж.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	2 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлім	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	3
3.3	Қабылдау емтиханының өткізу орны	3
3.4	Қабылдау емтиханының өткізу нысаны	3
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханының өткізу мерзімдері	4
3.6	Апелляция	4
3.7	Емтихан материалы	4
3.8	Қабылдау емтиханының нәтижелері	11
	Қосымшалар	12
	Келісім парағы	14

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	3 бет 14 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Бағдарлама «Денсаулық сақтау» саласы бойынша ВМ087 – Стоматология білім беру бағдарламалары тобына түсушілерге арналған.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1 Қысқаша ақпарат

Білім беру бағдарламасының миссиясы – заманауи білім беру практикалық оқу бағдарламалары негізінде халықаралық деңгейдегі дәрігер-стоматологтарды даярлау және кәсіби дамыту;

Білім беру бағдарламасының мақсаты – денсаулық сақтау жүйесінде, атап айтқанда стоматологияда жаңа білімді меңгеруге және дамытуға қабілетті, стоматологиялық қызмет саласындағы кәсіби міндеттерді заманауи технологияларды қолдана отырып шешуге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау;

Кәсіби қызмет саласы – денсаулық сақтау ұйымдары. Білім беру ұйымдары (орта арнаулы және жоғары медициналық білім беру мекемелері).

«Стоматология» БББ бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларын аяқтап, қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаларға жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) және (немесе) жалпыеуропалық дипломға қосымша (Diploma Supplement), «Ересектер және балалар дәрігер-стоматологы» біліктілігі берілген интернатураны аяқтағаны туралы куәлік беріледі;

Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Орта кәсіптік медициналық білім «Дантист», диплом GPA 3,0.

3.2 Байланыс ақпараты:

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік көшесі – 49А, 309 кабинет. Мектеп деканы Деточкина Виолетта Робертовна – тел. 87772003333

3.3 Қабылдау емтиханының өткізу орны


Өткізу орны: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 51.

3.4 Қабылдау емтиханының өткізу нысаны – тестілеу.

Қабылдау емтиханы Университетте базалық пәндер бойынша компьютерлік тестілеу түрінде тапсырылады:

- «Терапиялық стоматология негіздері»;
- «Ортопедиялық стоматология негіздері»;
- «Хирургиялық стоматология негіздері».

Мәселелер тізбесі «Астана медицина университеті» КеАҚ Стоматология БББ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитетінің отырысында 2026 жылғы «14» мамырдағы №3 хаттамасымен бекітілген,.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	4 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және қабылдау емтиханының өткізу мерзімдері

Кесте 1.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Қабылдау емтиханын тапсыру	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
1 шілде - 3 тамыз	5-14 тамыз	сағ.10.00-12.00. сағ.14.00-16.00	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшилик 51, 5 этаж, 501, 509 кабинет

*Қабылдау емтиханын кестесі (нақты күні, уақыты, үміткердің аты-жөні) біздің сайтта "оқуға түсушілер", "қысқартылған оқыту" бөлімінде жарияланады.

Қабылдау емтиханы тапсыру бөлмесіне үміткерлер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін жіберіледі. Қабылдау емтиханы бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған бөлмелерде өткізіледі.

Құжаттар тізімі:

- 1) университет Ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш (1-қосымша);
- 2) білім туралы құжат (диплом, қосымшасы, түпнұсқасы және көшірмесі);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) көлемі 3 x 4 сантиметр 6 фотосурет;
- 5) 075-У үлгідегі медициналық анықтама (түпнұсқа + көшірме), флюорографияның суреті;
- 6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін қосымша тапсырады.
- 7) психометриялық емтиханнан өткені туралы ведомостан үзінді;
- 8) құзыреттерді тәуелсіз бағалау нәтижелері (ҚТБ).


3.6 Апелляция

Апелляцияны қабылдау емтиханын тапсырған талапкер апелляциялық комиссияның төрағасына жеке өзі береді. Өтініштер қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланған күннен кейінгі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссияда бір күн ішінде қаралады (2-қосымша).

3.7 Емтихан материалы

«Терапиялық стоматология негіздері» бойынша кіру емтиханының сұрақтары:

- 1) Терапиялық стоматологиялық кабинетті ұйымдастыру. Жабдықтар, құрал-саймандар. Қауіпсіздік техникасы, эргономика.
- 2) Асептика және антисептика қағидалары. Стерилизация алдындағы тазарту, стерилизация әдістері мен режимдері. Вирустық гепатит пен АИТВ-инфекциясының профилактикасы.
- 3) Тістердің анатомиясы. Тиістілік белгілері. Жоғарғы және төменгі жақ тістерінің анатомиясы. Жоғарғы және төменгі жақ тістеріндегі тиістілік белгілерінің айқындылығы.
- 4) Тістің қатты тіндерінің гистологиясы.
- 5) Тіс пульпасының гистологиясы.
- 6) Периодонттың гистологиясы.
- 7) Ауыз қуысы шырышты қабығының гистологиясы.
- 8) Тіс жегісі және оның асқынулары туралы түсінік. Блэк бойынша кариозды қуыстардың жіктелуі. Кариозды қуыстарды егеп-тазалаудың негізгі қағидалары, кезеңдері, әдістері.

 <p>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</p>	«Астана медицина университеті» КеАҚ	5 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

9) I–VI кластар бойынша кариозды қуыстарды егеп-тазалау.

10) Пломбалық материалдар. Мақсаты бойынша жүйелеу. Уақытша пломбаларға арналған материалдар. Оларға қойылатын талаптар. Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері, дайындау және пломбылау техникасы.

11) Емдік төсемдерге арналған материалдар. Оларға қойылатын талаптар. Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері, дайындау және пломбылау техникасы.

12) Цементтер. Цементтердің жіктелуі. Мырыш-фосфатты, бактерицидті, мырыш-эвгенолды, силикатты, силико-фосфатты, поликарбоксилатты цементтердің құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері. Дайындау және пломбылау техникасы.

13) Металлқұрамды пломбалық материалдар: күміс амальгама, құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, дайындау және пломбылау техникасы.

14) Шыныиономерлі цементтер: жүйелеу, құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері. Шыныиономерлі цементтермен дайындау және пломбылау техникасы.

15) Композитті пломбалық материалдар. Жүйелеу, құрамы, қасиеттері.

16) Композитті пломбалық материалдардың адгезивті жүйелері, құрамы, компоненттердің мақсаты. Композитті пломбалық материалдармен пломбылау техникасы. Пломбаларды әрлеу.

17) Компомерлер. Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері.

18) Кариозды қуыстардың әртүрлі орналасуында тістерді реставрациялау ерекшеліктері. Контакт пункті, маңызы, қалпына келтіру әдістері.

19) Эндодонтия туралы түсінік. Эндодонт. Эндодонттың морфо-функционалдық кешендері.

20) Жоғарғы және төменгі жақ тістері қуыстары мен түбір өзектерінің анатомо-топографиялық ерекшеліктері.

21) Эндодонтиялық емдеу кезеңдері («10 қадам»). Бастапқы эндодонтиялық қолжетімділікті қалыптастыру. Тістің жұмыс ұзындығы, оны анықтау әдістері.

22) Эндодонтиялық құрал-саймандар. Жүйелеу. Мақсаты, жұмыс істеу қағидалары.

23) Пульпит және периодонтит туралы түсінік. Пульпитті емдеу әдістері. Пульпаны девитализациялау, құралдары. Пульпитті эндодонтиялық емдеу кезеңдері. Периодонтитті емдеудің мақсаттары, міндеттері. Периодонтитті эндодонтиялық емдеу кезеңдері.

24) Түбір өзектерін өңдеу әдістері. Жүйелеу. Түбір өзектерін аспаптық өңдеу әдістері (Step Back, Crown Down, теңгерілген күш әдісі).

25) Түбір өзектерін медикаментозды өңдеу. Түбір өзектерін химиялық өңдеу және кеңейту әдістері. Мақсаты, құралдары, жүргізу әдістемесі.

26) Түбір өзектерін толтыруға арналған пломбалық материалдар (силерлер). Жүйелеу. Оларға қойылатын талаптар.

27) Уақытша түбір пломбалары (пластикалық қатпайтын материалдар): қолдану көрсеткіштері, түрлері, құрамы, қасиеттері, дайындау және пломбылау техникасы.

28) Түбір өзектерін толтыруға арналған пластикалық қатаятын пломбалық материалдар: түрлері, құрамы, қасиеттері, дайындау және пломбылау техникасы.

29) Штифтер (филлерлер). Түрлері. Гуттаперча: құрамы, қасиеттері, түрлері.

30) Түбір өзектерін бір штифт әдісімен, латеральды және вертикальды конденсация әдістерімен пломбылау, артықшылықтары мен кемшіліктері.

31) Эндодонтиялық емдеу кезеңдеріндегі қателіктер мен асқынулар. Олардың алдын алу және жою.


«Ортопедиялық стоматология негіздері» бойынша кіру емтиханының сұрақтары:

1) Тіс-техникалық зертхана, құрылымы. Тіс технигінің жұмыс орны.


2) Тіс технигінің материалдары мен құрал-саймандары. Қауіпсіздік техникасы.

3) Тіс-жақ жүйесінің функционалдық анатомиясы. Жоғарғы және төменгі жақ тістерінің сауыттарының анатомиялық ерекшеліктерін гипс бағаналарынан қайта жасау негіздері.


4) Алынбайтын протездердің түрлері. Салмаларды дайындауға негіздеме (микропротез).

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	6 бет 14 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	


- 5) Салмаларды дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдерінің ерекшеліктері.
- 6) Блэк бойынша салмаларға арналған тіс сауытының одонтопрепарациясы.
- 7) Салмаға арналған қуыстарды қалыптастыру үшін қолданылатын абразивті құрал-саймандар.
- 8) Салманы (микропротезді) балауыздан модельдеу. Салмаларды дайындаудың тікелей әдісі.
- 9) Салмаларды дайындаудың жанама әдісі.
- 10) Микропротез дайындауға қолданылатын негізгі материалдар. Балауызды пластмассаға және металға ауыстыру.
- 11) Пластмассалық сауытты тегістеу, жылтырату. Цементке бекіту.
- 12) Тістің қатты тіндерінің патологиясында жасанды сауыттар дайындау көрсеткіштері. Металл штампталған сауытқа одонтопрепарация жасау.
- 13) Жасанды сауытты дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері. Тістерді егеп-тазалауда қолданылатын абразивті құрал-саймандар.
- 14) Төменгі жақ қимылдарын жаңғыртатын аппараттар (окклюдаторлар, артикуляторлар). Штамптың гипстік формасын дайындау (гипсблок).
- 15) Ортопедиялық стоматологияда қолданылатын металдар мен қорытпалар. Гильзаларды дайындау және созу аппараттары.
- 16) Гильзаларды алдын ала және түпкілікті штамптау технологиясы. Жасыту.
- 17) Гильзаларды түпкілікті штамптайтын аппараттар. Паркер, ММСИ әдістері. Ағарту.
- 18) Жеке металл штампталған сауыттарды дәлдеу әдістемесі. Стоматологиялық бұйымдарды әрлеуге арналған материалдар (тегістеу, жылтырату құралдары).
- 19) Тегістеу және жылтырату технологиясы.
- 20) Сауытты цементке бекіту (уақытша және тұрақты бекіткіш құралдар).
- 21) Пластмассадан сауыт дайындау көрсеткіштері. Пластмассалық сауытты дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
- 22) Пластмассалық сауытқа одонтопрепарация жасау. Қалып алу. Түсті анықтау. Модель құю.
- 23) Пластмассалық сауытқа арналған тіс тұқылының сауыт бөлігін модельдеу технологиясы. Алынбайтын протездерге арналған пластмассалар.
- 24) Балауызды балқытып шығару. Қалыптау. Полимеризация.
- 25) Пластмассалық сауытты кюетадан шығару, өңдеу, тегістеу, жылтырату. Пластмассалық сауытты дәлдеу және цементке бекіту.
- 26) Металлкерамикалық сауытты дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
- 27) Тісті металлкерамикалық сауытқа одонтопрепарациялау. Екі қабатты қалып алу әдістемесі.
- 28) Металлкерамикалық көпір тәрізді протезде құрастырмалы аралас модельді дайындау технологиясы.
- 29) Металлкерамикалық сауыт дайындауға арналған модельдеу балауыздары. Дайындау әдістемесі (қалпақша, гирлянда).
- 30) Металлкерамикалық сауыт қалпақшасын модельдеу технологиясы.
- 31) Қалыптау материалдары. Құю. Металлкерамика дайындау үшін қолданылатын қорытпалар.
- 32) Қалпақшаны өңдеу (құммен өңдеу аппараты). Қалпақшаны модельде және фантомда дәлдеу. Керамикалық массалардың түсін анықтау.
- 33) Керамикалық массаны каркасқа жағу технологиясы. Стоматологиялық керамикалық массалардың құрамы мен қасиеттері. Күйдіру.
- 34) Металлкерамикалық сауытты фантомда дәлдеу. Глазурлеу. Тегістеу. Жылтырату. Тапсыру.
- 35) Металлкерамикалық сауытты цементке бекіту.

 <p>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</p>	«Астана медицина университеті» КеАҚ	7 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	


- 36) Тістерді алынбайтын протездермен қалпына келтіру негіздемесі. Көпір тәрізді алынбайтын тіс протездерінің конструкция түрлері.
- 37) Стоматологияда қолданылатын негізгі және қосымша материалдар.
- 38) Штампталған-дәнекерленген көпір тәрізді протездерді дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
- 39) Штампталған-дәнекерленген көпір тәрізді протезге одонтопрепарация жасаудың ерекшеліктері. Қалыптық материалдар. Қалып алу, модель құю.
- 40) Сауыттарды алдын ала және түпкілікті штамптау. Осы кезеңде қолданылатын материалдар.
- 41) Штампталған болат сауыттарды тірек тістерге дәлдеу, қалып алу, модель құю.
- 42) Модельдерді окклюдаторға бекіту. Көпір тәрізді протез денесін модельдеу, профильді балауыздар.
- 43) Көпір тәрізді протездің аралық бөлігін құю.
- 44) Көпір тәрізді протездің аралық бөлігін өңдеу, дәнекерлеуге дайындау. Көпір тәрізді протез бөлшектерін дәнекерлеу. Дәнекерлердің құрамы мен қасиеттері. Ағартқыштар.
- 45) Штампталған-дәнекерленген көпір тәрізді протездің каркасын тірек тістерге дәлдеу. Фасетканың вестибулярлық бетін модельдеу. Полимеризация.
- 46) Пластмассадан көпір тәрізді протез және қаптамасы бар сауыт дайындауды негіздеу. Клиникалық-зертханалық кезеңдер.
- 47) Әртүрлі тірек элементтері бар штампталған-дәнекерленген көпір тәрізді протездерді дайындау ерекшеліктері.
- 48) Алынбайтын металлкерамикалық көпір тәрізді протез дайындауды негіздеу. Дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
- 49) Металлкерамикалық көпір тәрізді протезге одонтопрепарация жасау. Қалыптық масса, құрамы, қасиеттері. Қалып алу.
- 50) Құрастырмалы аралас модель.
- 51) Металлкерамикалық көпір тәрізді протез каркасын модельдеу.
- 52) Тірек тістерге уақытша сауыттар дайындау. Профильді балауыздар.
- 53) Металлкерамикалық көпір тәрізді протез каркасына фарфор массасын жағу. Күйдіру режимі.
- 54) Стоматологиялық фарфор, құрамы, қасиеттері.
- 55) Керамикамен қапталған көпір тәрізді протезді тірек тістерге дәлдеу. Глазурлеу. Металлкерамикалық көпір тәрізді протезді бекіту.
- 56) Биошыныкерамика. Құрамы, қасиеттері.
- 57) Поликерамика + шыныталшық типті жүйелер. Стоматологиялық фарфордан протездер дайындау.
- 58) Әртүрлі конструкциялы көпір тәрізді протездерді дайындау технологиясы.
- 59) Жартылай алынбалы пластинкалы протез, оның элементтері, дайындау кезеңдері.
- 60) Жоғарғы және төменгі жақтардан толық анатомиялық қалып алу. Гипстік модельдерді құю.
- 61) Модельдерге жартылай пластинкалы протез шекараларын түсіру. Окклюзиялық біліктері бар балауыз базистерін дайындау.
- 62) Жақтардың орталық қатынасын анықтау және бекіту. Модельдерді окклюдаторға гипстеу.
- 63) Жартылай пластинкалы протезді бекітуге арналған құрылғылар. Кламмерлер, олардың түрлері және пластинкалы протездердегі орналасуы.
- 64) Бір иінді иілген сымды кламмерді дайындау технологиясы.
- 65) Жартылай пластинкалы протезде жасанды қызыл иекте және жанастырып жасанды тістерді таңдау және қою.

 <p>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</p>	«Астана медицина университеті» КеАҚ	8 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	


- 66) Жартылай пластинкалы протез конструкциясын ауыз қуысында фантомда тексеру. Протездің балауыз конструкциясын түпкілікті модельдеу.
- 67) Балауыз базисі және жасанды тістері бар модельдерді кюветаға гипстеу.
- 68) Балауызды балқытып шығару. Базисті қалыптау. Полимеризация.
- 69) Протезді кюветадан шығару, өңдеу, тегістеу және жылтырату. Жартылай пластинкалы протезді ауыз қуысында фантомда дәлдеу. Протезді түзету.
- 70) Бюгельді протез, оның элементтері, олардың жақта орналасуы. Көрсеткіштері, элементтердің маңызы, сипаттамасы.
- 71) Дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері. Супергипс пен медициналық гипстен аралас диагностикалық модель құю.
- 72) Параллелометрия. Параллелометрдің құрылысы. Бөлшектерінің, құралдың мақсаты.
- 73) Параллелометрия әдістері.
- 74) Гипстік модельде бюгельді протез каркасының сызбасы. Ней жүйесінің кламмерлері.
- 75) Отқа төзімді модель алу.
- 76) Стандартты балауыз дайындамаларынан бюгельді протез каркасын модельдеу.
- 77) Бюгельді протез каркасының балауыз композициясын құюға дайындау. Құю.
- 78) Бюгельді протез каркасын өңдеу, тегістеу және жылтырату. Бюгельді протез каркасын ауыз қуысында фантомда дәлдеу.
- 79) Модельдерді окклюдаторға гипстеу. Жасанды тістерді қою.
- 80) Бюгельді протез конструкциясын ауыз қуысында фантомда тексеру.
- 81) Дайын бюгельді протезді ауыз қуысында фантомда дәлдеу.
- 82) Аттачмендердегі бюгельді протездерді дайындау.
- 83) Тіссіз жоғарғы жақтың анатомиясы. Жоғарғы жақтан толық анатомиялық қалып алу.
- 84) Тіссіз төменгі жақтың анатомиясы. Төменгі жақтан толық анатомиялық қалып алу.
- 85) Жақ модельдерін гипспен құю. Протакрилден жеке қасықтар дайындау (тез қатаятын пластмасса).
- 86) Жоғарғы және төменгі жақтың жеке қасықтарын зертханалық әдіспен дайындау.
- 87) Жеке қасықты ауыз қуысында фантомда дәлдеу және түзетуші массалар көмегімен функционалдық қалып алу.
- 88) Жоғарғы жеке қасықты Гербст сынамаалары арқылы дәлдеу, түзетуші массалар көмегімен функционалдық қалып алу.
- 89) Төменгі жеке қасықты Гербст сынамаалары арқылы дәлдеу, түзетуші массалар көмегімен функционалдық қалып алу.
- 90) Жоғарғы және төменгі жақ модельдерін құю, протез базистерінің шекараларын түсіру. Сүйек шығынқыларын, экзостоздарды окшаулау.
- 91) Жоғарғы және төменгі жаққа балауыз базисі бар окклюзиялық біліктер дайындау. Базиске металл сымды арматура енгізу.
- 92) Бекітілмеген тістесу биіктігінде жақтардың орталық қатынасын анықтау.
- 93) Модельдерді окклюдаторға немесе артикуляторға гипстеу. Жасанды тістерді таңдау.
- 94) Тістерді шыны бойынша қою (Васильев бойынша).
- 95) Жоғарғы және төменгі жақ тістерін сфера бойынша қою.
- 96) Альвеолярлық өсінділердің прогениялық қатынасында жасанды тістерді қою.
- 97) Альвеолярлық өсінділердің прогнатиялық қатынасында жасанды тістерді қою.
- 98) Жоғарғы және төменгі жақ протездерінің конструкциясын фантомда тексеру. Протездердің балауыз конструкциясын түпкілікті модельдеу.
- 99) Балауыз базисі және жасанды тістері бар модельдерді кері гипстеу. Балауызды балқытып шығару.
- 100) Екі қабатты базисі бар толық алынбалы пластинкалы протез дайындау. Серпімді төсемді жағу әдістемесі.
- «Хирургиялық стоматология негіздері» бойынша кіру емтиханының сұрақтары:**

 <p>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</p>	«Астана медицина университеті» КеАҚ	9 бет 14 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

- 1) Хирургиялық стоматологиялық бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру.
 - 2) Хирургиялық стоматологиялық араласулар кезіндегі асептика және антисептика түсінігі.
 - 3) Хирургиялық стоматология клиникасында науқасты тексерудің негізгі әдістері.
 - 4) Хирургиялық стоматология клиникасында науқасты тексерудің қосымша әдістері.
- Жұмысты есепке алу және талдау.
- 5) Стоматологиядағы жалпы жансыздандыру. Көрсеткіштері. Қарсы көрсеткіштері. Науқасты наркозға дайындау. Наркоз түрлері.
 - 6) Наркоз. Түсінігі. Наркозға арналған дәрілік заттар. Стоматологияда наркоз жүргізу ерекшеліктері.
 - 7) Хирургиялық стоматологиядағы жергілікті жансыздандыру. Түсінігі. Көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері. Жергілікті анестетиктердің жіктелуі. Жергілікті жансыздандыру үшін қолданылатын заманауи құралдар. Әсер ету механизмі. Клиникалық жағдайға байланысты таңдау.
 - 8) Үшкіл нервтің екінші тармағының топографиясы.
 - 9) Үшкіл нервтің үшінші тармағының топографиясы.
 - 10) Үшкіл нервтің екінші тармағын жансыздандырудың бетсүйек асты, орбиталық әдістері. Нысаналы пункт. Анатомиялық бағдар. Жүргізу техникасы. Жансыздандыру аймағы.
 - 11) Үшкіл нервтің екінші тармағын жансыздандырудың бетсүйек-қанат тәрізді, таңдайлық әдістері. Нысаналы пункт. Анатомиялық бағдар. Жүргізу техникасы. Жансыздандыру аймағы.
 - 12) Вайсблат бойынша үшкіл нервтің үшінші тармағын жансыздандыру әдістемесі.
 - 13) Берше және Берше-Дубов бойынша анестезия. Нысаналы пункт. Анатомиялық бағдар. Жүргізу техникасы. Жансыздандыру аймағы.
 - 14) Жергілікті жансыздандырудың жалпы асқынулары. Естен тану. Патогенезі. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
 - 15) Жергілікті жансыздандырудың жалпы асқынулары. Коллапс. Патогенезі. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
 - 16) Анестезия кезіндегі жалпы асқынулар. Анафилактикалық шок. Түрлері. Патогенезі. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
 - 17) Тісті жұлу операциясы кезіндегі жергілікті асқынулар. Себептері, асқынуларды емдеу, олардың профилактикасы.
 - 18) Тісті жұлу операциясынан кейін пайда болатын жергілікті асқынулар. Себептері, асқынуларды емдеу, олардың профилактикасы.
 - 19) Тістердің жарып шығу аурулары. Ретенция, толық емес ретенция, түсінігі. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
 - 20) Тістердің жарып шығу аурулары. Дистопия. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
 - 21) Ақыл тістің қиын жарып шығуы. Клиникасы, диагностикасы, емі. Төменгі үшінші молярдың қиын жарып шығуындағы асқынулар.
 - 22) Тістерді жұлуға арналған құрал-саймандар. Түрлері, құрылымдық ерекшеліктері, мақсаты.
 - 23) Тұрақты тістерді жұлуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Тісті жұлу операциясына дайындық.
 - 24) Тістерді қысқыштармен жұлу операциясы. Тістерді жұлу тәсілдерін орындау қағидалары.
 - 25) Тістер мен тіс түбірлерін атипиялық жұлу операциясы: көрсеткіштері, жүргізу кезеңдері, қажетті құрал-саймандар, асқынулар.
 - 26) Пародонт ауруларын хирургиялық емдеу әдістері, олардың кешенді терапиядағы орны. Кюретаж. Түрлері. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.
 - 27) Пародонт ауруларын хирургиялық емдеу. Гингивотомия. Гингивэктомия. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	10 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

- 28) Пародонт ауруларын хирургиялық емдеу. Видман-Нейман операциясы. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.
- 29) Пародонт ауруларын хирургиялық емдеу. Вестибулопластика. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.
- 30) Одонтогенді қабыну аурулары. Жіктелуі, этиологиясы, патогенезі. Одонтогенді инфекцияның таралу жолдары.
- 31) Созылмалы периодонтит. Этиологиясы. Патогенезі. Жіктелуі. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы. Емдеу әдістері. Хирургиялық емге көрсеткіштер.
- 32) Созылмалы периодонтиттердің өршуі. Этиологиясы. Патогенезі. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы. Емдеу әдістері. Хирургиялық емге көрсеткіштер.
- 33) Тіс түбірінің ампутациясы. Анықтамасы, көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, операция әдістемесі мен кезеңдері. Нәтижелері.
- 34) Гемисекция. Анықтамасы, көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, операция әдістемесі мен кезеңдері. Нәтижелері.
- 35) Тісті реплантациялау. Анықтамасы, көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, операция әдістемесі мен кезеңдері. Нәтижелері.
- 36) Тіс түбірі ұшын резекциялау операциясы. Көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері. Операцияны жүргізу техникасы. Асқынулар. Нәтижесі.
- 37) Жақтың жедел периоститі. Патогенезі. Клиникасы. Дифференциалды диагностикасы. Диагностикасы. Емі. Нәтижесі.
- 38) Жақтың созылмалы одонтогенді периоститі. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы. Емі.
- 39) Жедел одонтогенді гайморит. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы. Емі.
- 40) Созылмалы одонтогенді гайморит. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы.
- 41) Колдуэлл-Люк бойынша операция. Көрсеткіштері. Операцияны жүргізу техникасы.
- 42) Жоғарғы жақ қойнауы түбінің перфорациясы және жыланкөзі. Клиникасы, диагностикасы, дәрігер тактикасы, перфорацияны оперативті жабу тәсілдері. Жыланкөздердің, перфорациялық одонтогенді синуситтің пайда болуының профилактикасы.
- 43) Жедел серозды лимфаденит. Этиологиясы және патогенезі. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 44) Жедел іріңді лимфаденит. Этиологиясы және патогенезі. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 45) Аденофлегмона. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 46) Созылмалы лимфаденит. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Дифференциалды диагностикасы. Емі.
- 47) Беттің жұмсақ тіндерінің зақымдануы. Соғылулар. Сызат. Этиологиясы. Патогенезі. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 48) Беттің жұмсақ тіндерінің зақымдануы. Жаралар. Түрлері. Этиологиясы. Сипаттамасы.
- 49) Жұмсақ тіндер жараларының орналасуына байланысты клиникалық көрінісінің ерекшеліктері.
- 50) Жақ-бет аймағы жараларын алғашқы хирургиялық өңдеу. Жараларды АХӨ ерекшеліктері. Техникасы.
- 51) Тістің шығуы. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 52) Тістің сынуы. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
- 53) Төменгі жақтың шығуы. Түрлері. Клиникасы. Төменгі жақ шығуын орнына салу тәсілдері.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	11 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

54) Альвеолярлық өсіндінің сынуы. Сыну механизмі. Клиникасы, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы. Емі.

3.8. Қабылдау емтиханының нәтижелері:

Шекті балл – 90;


Ең жоғары балл – 100;

Емтихан уақыты – 1 сағат 40 минут (1 тест сұрағына 1 минут);

Барлық сұрақ саны – 100;

Әр сұрақ бойынша: 1 дұрыс жауап;

Әр дұрыс жауап 1 баллмен бағаланады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	12 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	

1-қосымша

«АМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы- Ректоры

толық аты-жөні

тұрғылықты мекен-жайы

ұялы телефоны

үй телефоны

E-mail:

Жеке куәлік қашан және кіммен берілген

ӨТІНІШ


Мені _____ білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханға қатыстыруыңызды сұраймын.

Өтінішке келесі құжаттарды қоса беремін:

1. білім туралы құжаттын көшірмесі
2. 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет
3. жеке басын куәландыратын құжаттын көшірмесі
4. медициналық анықтама 075/у
5. еңбек кітапшасы (бар болса)
6. психометриялық емтиханнан өткені туралы ведомостан үзінді;
7. құзыреттерді тәуелсіз бағалау нәтижелері (ҚТБ).

Емтихан нәтижелеріне қатысты дербес ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға өз келісімімді беремін.

Қолы/ Күні _____

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	13 бет 14 беттің
	Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы	

2-қосымша

Апелляциялық комиссия төрағасына

Талапкердің толық аты-жөні _____

ЖСН _____


АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ӨТІНІШ

Арнайы/қабылдау емтиханының нәтижелерін қайта қарастырыуыңызды сұраймын, өйткені тест сұрағы _____

(шағым беру себебін көрсетіңіз – сұрақтың дұрыс еместігі және т.б.).

Арнайы/ қабылдау емтиханның нәтижелерін жариялау күні _____

/ _____ / _____ / _____ /
 Қолы Аты-жөні Күні

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КсАҚ	14 бет 14 беттің
	<i>Оқуға түсу емтиханының бағдарламасы</i>	